

ӘОЖ 33

**МАШИНА ҚҰРАСТЫРУ САЛАСЫНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ**

Бисенов Алмат Аскарович

almat.777bisenov@mail.ru

Экономика факультетінің 4-курс студенті

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Хойч Айжан

Тәуелсіздікке қол жеткізге соңғы 30 жыл ішінде еліміз қай жағынан болмасын дамып, өкредтеп келеді. Экономикалық тұрғыдан алғанда сондай салалардың бірі машина жасау саласы. Машина жасау саласының ерекшелігі – бұл өнеркәсіпке қатысты барлық салаларды құрал-жабдықпен қамтамасыз ететін, сондақ-ақ елдегі ғылым-техникалық прогресс деңгейінің көрсеткішін айқын көрсететін негізгі базалық сала болып есептеледі.

ҚР машина жасау одағының мәліметтеріне жүгінсек, өткен 2021 жылы машина жасау саласының өндіріс ауқымы дағдарыстық 2020 жылға қарағанда 24,1 пайызға өсті. Әлемдік деңгейде қарастыратын болсақ машина жасау саласы жалпы әлемдік сауданың 40% астамын құрайды.

Машина жасау жалпы 37 түрлі саланы біріктіреді. Айтылмыш салалардың құрамына өндірісте және күнделікті тұрмыста пайдаланылатын құралдар мен жабдықтар жасап шығаратын салалар кіреді.

Олардың ең бастылары:

1. Металлургиялық: пештерді жабдықтауға арналған құралдар, блюминг, слябинг;
2. Энергетика бағытында: қазандық қондырғылар, турбиналық жабдықтар, генераторлар, трансформаторлардың түрлері, энергетикалық бөлшектер;
3. Көліктік: ұшақтар, кемелік көліктер, вагондар, локомотивтер, жол құрылыс бағытындағы техникалар
4. Ауылшаруашылық машиналарын жасау: тұқым себетін машиналар, дестелейтін машиналар, түрлі тракторлар, комбайндар, астын тазалайтын машиналар, азықтық цехтар т.с.с.
5. Тау-кендік машиналармен шығаруға арналған, мұнай, газ, көмір шығаратын машиналар, экскаваторлар
6. Құралдар жасау: өлейгіш құралдар, автоматты құралдар, телемеханикалық құралдар т.б.
7. Тұрмыстық техникалар: теле және радиоаппаратуралар, тоңазытқыш, мұздатқыш, кір жуатын машиналар, асүйге арналған комбайндар т.б.
8. Станоктар жасауға арналған машиналар: құралдар мен жабдықтар, металл өңдегіш станок түрлері, сүрлеуіштер, ажыратушы жабдықтар;

Соңғы 30 жыл ішінде елімізде техниканың соңғы түрлерін шығару қолға алынды. Олар: тепловоз, жүкт тасымалдау және жолаушыларды тасымалдау вагондары, автобустар мен электровоздардың, тракторлар мен комбайндар небір түрлері, сондай-ақ кабельдік өнімдер, адам көтергіш вифтер, сорғы жабыдықтар т.б.

Машина жасау саласын дамытудың Жол картасы. Машина жасау саласын дамыту бағытындағы 2024 жылға дейінгі жол картасын жүзеге асыру шеңберінде төмендегідей индекаторларға қол жеткізу көзделіп отыр. бағытындағы іс-шаралар:

1. Жұмыс жасап тұрған кәсіпорындарды жаңғырту
2. Тиімділікті арттыра отырып қосымша құнды көбейту;
3. Импорты алмастырудың қолайлы механизмдерін пайдалану;
4. Жергілікті өнім өндіруді жан-жақты дамыту;
5. Экспортқа шығарылатын өнімдермен айналысатын кәсіпорындарды, салаларды қолдау;
6. Еңбек өнімділін жоғарылату;
7. Қосымша инвестиция тартудың мүмкін болар жолдарын арастыру;
8. Осы саладағы кәсіпкерлікті ынталандыра отырып шағын және орта бизнесті дамыту;
9. Машина жасау секторларының құрауыштарын көбейту ;
10. Жаһандық өндірушілер мен жеткізушілер жұмысын жақсы жолға қою.

Машина жасау өткен 2021 жылдың алғашқы 9 айында 22,81% көлеміндегі өсімі тұрақты болды.

Төмендегідей салалардағы өсім көрсеткіштері:

- автокөліктік құралдар мен жартылай тіркемелер (+32,0%),
- машина және оның жабдықтары (+38,5%),
- басқалай көлік құралдарын өндіруде (+50,5%),
- компьютердік, электрондық және оптика бағытындағы жабдықтар (+25,38%),
- электрлік жабдықтар (+2,61%),
- жөндеу мен орнату бағытында (+6,52%).

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің мәліметтері бойынша, 2021 жылы алғашқы 9 айында Қазақстанда түрлі үлгідегі 63 559 көлік құралы өндірілді. Бұл көрсеткіш 2020 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 25,52 %-ға жоғары, яғни былтыр сәйкес кезеңде зде 50 660 бірлік техника шығарылған.

Шығарылған өнімдердің ішінде негізгі көлемді жеңіл автомобилдер құрайды. Олардың саны 55019. Жүк тіркемелері мен жартылай тіркемелер 4906, мамандандырылған техника – 212, автобустар 873.

Шығарылған барлық автокөліктердің 50 пайыздан астамы «СарыарқаАвтоПром» кәсіпорнының еншісінде. 2021 жылы Қостанай зауытында жеңіл автокөлік пен жүк тасымалдау және автобустарының саны 38309. Көкшетау қаласында «КАМАЗ Инжиниринг» компаниясы 1115 жүк көлігін, Алматының Hyundai Trans Auto кәсіпорнының 586 сауда көлігін және Daewoo Bus Kazakhstan 200 ден астам бірлік техниканы пайдалануға ұсынса, Саран қаласындағы жаңадан іске асылған QazTehna зауыты Yutong атты автобус қолданысқа қосты. Қазақстанағы негізгі танымал бестікке мыналар кіреді. Chevrolet (23 556), Hyundai (19 643), Kia (6 871), JAC (4 488) және ГАЗ (149) кіреді. Есепті кезеңде дайын автокөліктерді жеткізу 43 % өсіп, жалпы құны 52,3 млрд теңгеден асатын 7816 автокөлікке дейін артты. Шетелге сатылған өнімдердің негізі Ресейге (4346), Өзбек еліне (2968) Беларусьқа 398, Қырғызстан мен Әзірбайжанға 102 және 2 автокөлік, сәйкесінше тиесілі [1].

2021 жылдың қыркүйек айында өткен Қазақстан машина жасаушыларының ІХ форумында осы саланың ісін адан әрі өрбіту бағдарында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев үндеу жасады. Оның пайымдауынша қазақстанғның машина құраушылары әлемді жайлаған індетке қарамастан экономикалық көрстекіштер бойынша алдыңғы қатарлардың санатына енеді. Саланың көрсеткіші өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 24,1% өсті. Демек машина жасаушылар алға көйған міндетті дұрыс түсініп, оның уақтылы орындалуына күш-жігерлерін салуда. Сондай-ақ ел басшысы 2025 жыл қарсаңында өндеу кәсіпорнының экспорттық көрсеткішін 24 млрд АҚШ долларына дейін өсіріп, еңбек өнімділігін 30 пайздан асыруды ел машина жасаушыларының алдына міндет етіп қойды.

Егер осы саланың экономикалық даму қарқыны бүгінгі деңгейден төмендемейтін болса мұндай көрсеткішке қол жеткізу әбден мүмкін.

Кесте 1 - Қазақстан Республикасының машина құрастыру саласының 2017-2021 жылдары аралығында өнімін талдау

№	Көрсеткіш атауы	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	Өзгеріс, 2021/2017 ж.	
							+, -	%
1	Жалпы ішкі өнім, млрд.тг.	54 378,9	61 819,5	69 532,6	70 649,00	81 269,20	26 890,4	49,5
2	Жан басына шаққандағы ЖІӨ, АҚШ долл.	9 247,6	9 812,5	9 812,5	9 121,70	10 292	1 044,40	11,3
3	Машина құрастыру өнімі, млн.тг.	913 868	102420 1	137195 6	1 807 421	2 034 805	1 120 937	123%
4	Машина құрастыру өнімінің ЖІӨ-дегі үлесі, %	1,68%	1,65	1,97	2,5	2,5	2,48	48,8

Ескерту: [2] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған.

Жоғарыда көрсетілген кестеге қарайтын болсақ еліміздің ЖІӨ 5 жылдың ішінде өсім көруге болады. Оның ішінде машина құрастыру өнімі 123%, ал осы саланың ЖІӨ-дегі үлесі 48,8%-ға өсті.

Машина құрастыру өнімдері басқа салалардың тұрақты дамуы үшін өте маңызды. Сондықтан да бұл салаға сұраныс өседі. Қазақстанда Индустриалды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламалардың арқасында елімізде жаңа кәсіпорындардың ашылуы және

қазіргі кәсіпорындарының негізгі қорына инвестиция тарту және модернизация өсімінің негізгі себептерінің бірі болып табылады.

ҚР машина жасау одағының мәліметтеріне жүгіре болсақ елде қазіргі күні айтылмыш салада 3 мыңның үстінде кәсіпорындар бар және оларда 120 мың адамның үстінде қызмет жасайды. Бүгінде бізге аттары көпшілікке таныс Siemens, General electric, Alstom, Hyundai, Claas сияқты компаниялар келіп жұмыс жасауда.

Қазақстан өндірушілерінің өнімдері соңғы кезде шетелдерге, атап айтар болсақ Ресейге, Қытайға, Орта Азияға, сондай-ақ Біріккен Араб Әмірлігі сияқты мемлекеттерге шығарыла бастады. 2020 жылы машина жасау өнімдері 1,3 млрд АҚШ долларына экспортталды.

Кесте 2 - ҚР экономикасына 2017-2021 жылдары аралығында тартылған тікелей шетелдік инвестициялар және машина құрастыру саласына құйылған инвестициялар көлемі

№	Көрсеткіш атауы	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	Өзгеріс, 2021/2017 ж.	
							+, -	%
1	Қазақстан экономикасына құйылған барлық ТШИ, млн. АҚШ долл.	20 960	24 271	24 437	17 180	23 658	2 698	12,9
2	Машина құрастыру саласына құйылған инвестициялар, млн. АҚШ долл.	131	190,3	187,2	147,5	245,3	114,3	87,2
3	Машина құрастыру саласына тартылған инвестициялардың үлесі, %	0,63	0,78	0,76	0,85	1,03	0,4	63

Ескерту: [2] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған.

Жоғарыдағы кестеде ҚР 2017-2021 жылдары аралығындағы машина құрастыру саласы бойынша инвестиция құйылған көлемін көрсетеді. Қазақстан экономикасына құйылған ТШИ көлемі 12,9%-өссе, машина құрастыру саласына 87,2%- өскен. Кестеде 2019 жылды қарайтын болсақ инвестициялар көлемі төмендеп түскен болатын. Бұл негізгі себептерінің бірі әлемдік пандемия дағдырысы болып табылады. Алайда 2021 жылы пандемия шектеулердің біртіндеп төмендеуі инвестициялардың қайта өсуіне әкелді.

Кесте 3 - ҚР машина құрастыру саласында қызмет ететін негізгі инвесторлардың жобаларының тиімділігі

№	Көрсеткіш атауы	«Қазақстан Даму Банкі» АҚ	«Kazakh Invest» АҚ
1	NPV/жобаның құны, % немесе проценттік табыс	> 4%	30-80 (NPV)
2	PP, жыл	5-20	4-7,5
3	DPP, жыл	7-20	4-11,5
4	IRR, %	> r	23-40

Ескерту: [3,4] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған.

Жоғарыда көрсетілген кестеден машина құрастыру саласында жүзеге асырылатын инвестициялық жобалардың тиімділігін анықтау барысында қолданылатын қажетті параметрлардың мәндердің арақатынасы көрсетіп тұр. Алайда практикада көрсетіп жатқандай осы сала инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау үшін жоғарыда көрсетілген параметрлердің шегінде болуы керек. Яғни жобаның таза келтірілген құнының (NPV) 0-ден жоғары болуы тиіс. Өтелу мерзімі (PP) егер жоба ұзақ мерзімді болса 7,5 жылға дейін болу керек немесе қысқа мерзімді жоба мысалға лифт өндірісі ол 4-4,5 жылда өтелу мүмкін. Ішкі пайда нормасы 23-40% горизонтта болуы қажет. Осындай параметрлер тек қана машина құрастыру сала бойынша инвестициялық жобалардың тиімділігінің ең минималды болып табылады. Жобаны бағалау кезінде төменгі параметрлерді қойып, белгілі бір деңгейде тәуелкелдері төмендеуге болады.

Қорытындылай келсек практикада осы көрсеткіштермен қатар тағы да рентабельділік және төлемқабілеттілігі көрсеткіштері қолданылады. Инвестициялық жобаны бағалау барлық ықтимал тәуекелдерді және осы тәуекелдерді төмендеуге бару керек. Менің ойымша жобаны бағалау кезінде осы көрсеткіштермен қатар көптеген саяси, дағдарысқа қарсы анализ жасалу керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. [Электронды ресурс] – URL: <https://stat.gov.kz/>
2. [Электронды ресурс] – URL: <https://nationalbank.kz/ru>
3. [Электронды ресурс] – URL: <https://www.kdb.kz/kz/>
4. [Электронды ресурс] – URL: <https://invest.gov.kz/ru/>